



# АҚТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

## Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама

961040000259

бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Ақтау қ.

2014 ж. «28» қаңтар

Атауы: «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы»  
акционерлік қоғамы

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000,  
Ақтау қаласы, Умирзак ауылы.

Анықтама Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде  
құрылтай құжаттарына сәйкес  
қызметті жүзеге асыру құқығын береді

Берілген күні: 21.10.2014 ж.

Басқарма басшысы



А.Елемесова

**ВЫПИСКА из ПРОТОКОЛА №02/23**  
**заседания Правления акционерного общества**  
**«Национальная компания «Қазақстан темір жолы»**

**Место нахождения:** 010000, Республика Казахстан, г. Астана, район Есиль, ул. Д. Кунаева, 6.

Заседание Правления Акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» проходило по адресу: Республика Казахстан, г. Астана, район Есиль, ул. Д. Кунаева, 6.

27 августа 2014 года, 16 час. 00 мин.

**В заседании принимали участие:**

Председатель Правления - Президент АО «НК «ҚТЖ» –  
Мамин Аскар Узакпаевич

**Члены Правления:**

Урынбасаров Бауыржан Пазылбекович  
Алпысбаев Канат Калиевич  
Лепесбаев Алмас Муратович  
Қилыбай Нұрдәулет Игілікұлы  
Хасенов Рустем Койбагарович  
Жусанбаев Еркін Семетаевич

**Члены Правления засвидетельствовали** – кворум, необходимый в соответствии с Уставом и действующим законодательством, имеется.

**Повестка дня заседания Правления:**

...

17. Об утверждении Устава акционерного общества «Национальная компания «Актауский международный морской торговый порт» (в новой редакции).

Докладчик – Огай Е.П.

...

Председатель, господин Мамин А.У. предложил утвердить повестку дня. Правление, рассмотрев повестку дня, приняло решение утвердить её.

**Решение принято единогласно.**

**По повестке дня рассмотрели:**

...

17. Об утверждении Устава акционерного общества «Национальная компания «Актауский международный морской торговый порт» (в новой редакции) (докладчик – главный менеджер Департамента управления активами Огай Е.П.)

В соответствии с подпунктом 1) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан от 13 мая 2003 года № 415-ІІ «Об акционерных обществах»,

подпунктом 1) пункта 10.1 статьи 10 Устава акционерного общества «Национальная компания «Актауский международный морской торговый порт», подпунктом а) пункта 2.1 Договора о передаче пакета акций акционерного общества «Национальная компания «Актауский международный морской торговый порт» в доверительное управление акционерному обществу «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» от 29 ноября 2013 года № 344-и/207-АО, **Правление решило:**

1. Утвердить прилагаемый Устав акционерного общества «Национальная компания «Актауский международный морской торговый порт» (в новой редакции).

2. Президенту акционерного общества «Национальная компания «Актауский международный морской торговый порт» Ялбачеву М.Ю.:

1) подписать прилагаемый Устав акционерного общества «Национальная компания «Актауский международный морской торговый порт» (в новой редакции);

2) в установленном законодательством порядке принять необходимые меры, вытекающие из настоящего решения.

3. Настоящее решение принимается доверительным управляющим и является решением Единственного акционера акционерного общества «Национальная компания «Актауский международный морской торговый порт».

**Решение принято единогласно.**


...

**Подписи:**

Председатель Правления  
Мамин Аскар Узакпаевич

**Члены Правления:**

Урынбасаров Бауыржан Пазылбекович  
Алпысбаев Канат Калиевич  
Лепесбаев Алмас Муратович  
Қилыбай Нұрдәулет Игілікұлы  
Хасенов Рустем Койбагарович  
Жусанбаев Еркін Семетаевич





толық атауы – «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

қысқартылған атауы – «АХТСП» ҰК» АҚ;

2) орыс тілінде:

толық атауы – акционерное общество «Национальная компания «Актауский международный морской торговый порт»;

қысқартылған атауы – АО «НК «АММТП»;

3) ағылшын тілінде:

толық атауы – Joint stock company «Sea port of Aktau»;

қысқартылған атауы – JSC «Sea port of Aktau».

7. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Өмірзақ ауылы.

8. Қоғамның қызмет ету мерзімі – шектелмеген.

### 3-бап

#### Қоғамның құрылтай құжаттары

9. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

10. Барлық мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғамның Жарғысымен танысуға құқылы.

### 4-бап

#### Қоғамның Жалғыз акционері

11. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы Қоғамның Жалғыз акционері болып табылады.

### 5-бап

#### Қоғам қызметінің мақсаты мен түрлері

12. Табыс табу Қоғам қызметінің негізгі мақсаты болып табылады.

13. Қоғамның алдына қойылған мақсаттарды іске асыру үшін Қоғам келесі қызметтерді:

1) жүктерді ауыстырып тиеуді;

2) жүк операцияларын жүргізу үшін және басқа да мақсаттарға кейіннен порттан шығу (кеме кіруі) арқылы кемелердің портқа кіру қызметтерін;

3) кемелерге қызмет көрсетуді, соның ішінде:

агенттік қызметтерді;

кемелерді жабдықтау қызметін (шипчандлерлік);

кемеден тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды шығару қызметін;

4) кемелерге және басқа да теңіз көлік құралдары мен жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеуді;

5) жүктермен көлік-экспедиторлық және қойма операцияларын;

- 6) теңіз және басқа кемелердің жолаушыларына қызмет көрсетуді;
- 7) жүк және жолаушы тасымалдауды;
- 8) бункерлеу операцияларын;
- 9) порт айдынында теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызметтерді жүзеге асырады;

14. Заңнамамен белгіленген тәртіпте алуға тиісті лицензиялар немесе басқа рұқсаттардың болуын талап ететін қызмет түрлері тек қана тиісті лицензиялар мен басқа түрдегі рұқсаттарды алған соң жүзеге асырылады.

### 6-бап

#### Қоғамның құқықтары мен міндеттері

15. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген барлық құқықтарды иеленеді және міндеттерді атқарады.

16. Қоғам өзінің Жалғыз акционерінің мүлкінен бөлектенген мүліктерге иелік етеді және Жалғыз акционердің міндеттемелеріне жауап бермейді. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өзінің мүлкі шегінде жауапкершілікте болады.

17. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері үшін жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те Қоғамның міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болмайды.

18. Қоғам өзінің атынан мәмілелер жасай алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге ие бола алады, сотта талапкер және жауапкер ретінде қатыса алады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады.

19. Қоғам қорғалатын құжаттарды, технологияларды, «ноу-хау» және басқа ақпараттарға иелену және пайдалану құқығын алады және ұсына алады.

20. Қоғам бағалы қағаздар шығарады және оларды тарата алады, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздарды сатып ала алады, сонымен қатар өзінің қаржылық тәуекелдерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте туынды қаржы құралдары арқылы сақтандыра алады.

21. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, оларға мүлік бөліп беріп, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызмет ету тәртібін анықтай алады. Филиалдар мен өкілдіктердің мүлігі Қоғамның теңгерімінде есепке алынады.

22. Қоғам филиалдар мен өкілдіктердің лауазымдық номенклатурасын, сонымен қатар жылдық еңбек ақы төлеу қорының мөлшерін бекітеді. Филиал жетекшісі мен өкілдіктің жетекшісі Қоғам берген сенімхаттың негізінде әрекет етеді.

23. Қоғамның өндірістік қызметін жоспарлауға, жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеуге, материалдық-техникалық жабдықталуына, әлеуметтік дамуына кадрларды іріктеу, орналастыру, даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруға байланысты барлық мәселелерді Қоғам өз бетінше

шешеді.

24. Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінде орналасқан банктерде және басқа қаржылық ұйымдарда ұлттық және шетелдік валютада белгіленген тәртіпте шоттар ашады.

25. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, кепілгер болуға, қазақстандық, сондай-ақ шетелдік заңды және жеке тұлғалардан теңгемен және шетелдік валютада қарыз алуына, несиелерін пайдалануға құқығы бар.

26. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген стандарттарға сәйкес Қоғамның барлық бөлімшелерінің орындауы үшін міндетті нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

27. Қоғамның қызметтік және коммерциялық құпиясын құрайтын ақпаратқа ие Қоғам жұмыскерлері тізімінің міндетті жүргізілуін қамтамасыз етеді.

28. Қоғам өзінің қызметі барысында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалар мен тарифтердің мемлекеттік тәртібінің қатаң сақталуын қамтамасыз етеді.

29. Қоғам уәкілетті мемлекеттік органдарға қаржылық, салықтық және статистикалық есептіліктерді белгіленген тәртіпте ұсынады.

30. Қоғам қоршаған ортаны Қоғамның қызметі нәтижесінде пайда болған ластанудан және басқа да зиянды әсерлерден қорғауға жауапты болады.

31. Қоғам материалдардың, отынның, жағармайлардың, электр энергиясы мен қосалқы бөлшектердің шығыс нормаларын әзірлейді және оның сақталуына бақылау жасайды.

32. Қоғам еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді.

33. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасында және Жарғыда көзделген басқа да құқықтарды иеленуі және міндеттерді атқаруы мүмкін.

#### 7-бап

#### Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері

34. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

35. Жалғыз акционер:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңында және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) егер сұратуда басқа мерзім көрсетілмеген болса, Қоғамға сұрату келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде Жалғыз акционері немесе Жарғыда белгіленген тәртіпте құпия сипаттағы ақпараттарды қоса алғанда, Қоғамның қызметі туралы, соның ішінде еншілес ұйымдардың кесіндісіндегі ақпаратты



алуға, сонымен қатар Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;

6) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 63 және 74 бабында көзделген жағдайларда Қоғамның лауазымды адамдары Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуды ұсыну) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен сот органдарына жүгінуге;

7) Қоғамның қызметі туралы Қоғамға жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) Қоғамның таратылуынан кейін қалған мүлікке;

9) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларды қоспағанда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпте Қоғамның акцияларын немесе акцияларды айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алуға;

10) Директорлар кеңесіне «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Жалғыз акционердің қарауына шығару үшін қосымша мәселелерді қосуға ұсынуға;

11) Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының шақырылуын талап етуге;

12) өз есебінен аудиторлық ұйымнан Қоғамның аудитін жүргізуді талап етуге;

13) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте өз құқығының бұзылғаны үшін өтемақы алуға құқылы.

36. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) 10 (он) күннің ішінде Қоғамның тіркеушісіне немесе Жалғыз акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуі үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) Қоғам туралы немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын қызметі туралы мәліметтерді жария етпеуге;

4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

37. Қоғам және Қоғамның тіркеушісі Жалғыз акционердің Жарғының

осы бабының 36-тармағының 2) тармақшасында белгіленген міндеттерді орындамау салдары үшін жауапты болмайды.

### 8-бап

#### Қоғам акциялары және басқа да бағалы қағаздары

38. Қоғам жай акцияларды құжатсыз нысанда шығарады.

39. Қоғам шығарылуы, орналастырылуы, айналымы және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен белгіленетін басқа да, соның ішінде айырбасталатын, бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

40. Жай акция Жалғыз акционерге Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін шешімдерді қабылдауға, Жалғыз акционердің тиісті шешімдерінің негізінде Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер алуға, сондай-ақ Қоғамды таратқан кезде оның мүлігінің бір бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен алуға құқық береді.

41. Жарияланған акцияларды немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру, сондай-ақ бұрын сатып алынған аталған бағалы қағаздарды сату ниеті болғанда, Қоғам осы туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) күн ішінде Жалғыз акционерге жазбаша хабарлама жіберу немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған Қоғамның органы белгілеген бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) бағасы бойынша бағалы қағаздарды сатып алуды ұсынуға міндетті.

42. Жалғыз акционердің Қоғамның бағалы қағаздарын басымдылықпен сатып алу құқығын іске асыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

43. Қоғамның жарияланған акцияларының мөлшерін арттыру немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту, сонымен бірге Қоғамның акцияларын оның жарияланған акцияларының мөлшері шегінде орналастыруы Жалғыз акционердің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

44. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткен соң орналастыруға құқылы.

45. Қоғамның орналастыратын акцияларына ақы төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (соның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайлардан басқа, өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа өзге мүлікпен ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензияның негізінде жұмыс істейтін бағалаушы белгілейтін баға бойынша жүзеге асырылады.

Егер Қоғамның орналастыратын акцияларын төлеуге мүлікті пайдалану

құқығы енгізілсе, мұндай құқықты бағалау Қоғам оны пайдаланатын бүкіл мерзім бойына осы мүлікті пайдаланғаны үшін төлем мөлшеріне қарай жүргізіледі. Жалғыз акционердің келісімінсіз мұндай мүлікті көрсетілген мерзім аяқталғанша алуға тыйым салынады.

46. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдерінің жүйесін жүргізуді тек қана Қоғамның тіркеушісі жүзеге асырады.

47. Өзінің жарияланған акцияларын бастапқы бағалы қағаздар нарығына орналастыруы кезінде оларды Қоғамның сатып алуына жол берілмейді.

48. Орналастыратын акцияны толық төлемейінше Қоғам сол акцияларды Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде оны алушының шотына есепке жатқызу туралы бұйрық беруге құқылы емес.

49. Қоғамның бастамасы бойынша акцияларды кейіннен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда орналастырылған акцияларды сатып алу Жалғыз акционердің келісімі бойынша жүргізілуі мүмкін.

Қоғамның бастамасы бойынша акцияларды сатып алу Қоғамның акцияларын қор биржасында ашық сауда әдісімен сатып алу жағдайын қоспағанда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіппен бекітілген Қоғамның акцияларды сатып алуы кезінде олардың құнын айқындаудың әдістемесіне сәйкес жүргізілуі мүмкін.

50. Қоғам өзінің орналастырған акцияларын мына жағдайларда:

1) акцияларды орналастырудың қорытындылары туралы есепті құрылтайшылардың арасында бекіткенге дейін;

2) егер акцияларды сатып алудың нәтижесінде Қоғамның меншікті капиталының мөлшері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген ең аз жарғылық капиталдың мөлшерінен аз болатын болса;

3) егер акцияларды сатып алу сәтінде Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем жасауға қабілетсіз немесе дәрменсіз белгілеріне сәйкес келсе не болмаса аталған белгілер талап етіліп отырған барлық акцияларды немесе сатып алуға болжанып отырған акцияларды сатып алудың нәтижесінде пайда болатын болса;

4) егер сот немесе Жалғыз акционер Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, сатып алуға құқығы жоқ.

51. Егер Қоғамның бастамасы бойынша сатып алынатын оның орналастырған акцияларының саны акцияларды сатып алу-сату мәмілесін (мәмілелерін) жасасуға дейін олардың жалпы санының 1 (бір) пайызынан асатын болса, ол мұндай сатып алу туралы Жалғыз акционерге хабарлауға міндетті.

Қоғамның өзінің орналастырған акцияларын сатып алуы туралы хабарландыруы ол сатып алатын акциялардың түрі, саны, бағасы, мерзімі және

оларды сатып алудың шарттары туралы мәліметтерден тұруы тиіс және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

52. Жалғыз акционердің талабы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген жағдайларда жүргізіледі.

53. Қоғамның акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздары Қоғамның жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырмашылық шегінде шығарылуға жол беріледі. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастаудың шарты, мерзімі мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару проспектісінде көрсетіледі.

Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығарудың шартын Қоғамның Директорлар кеңесі белгілейді.

54. Қоғам Қоғамның бағалы қағаздарын кепілдікке беруге құқылы. Жалғыз акционер өзі кепілдікке берген акциялар бойынша, егер кепілдің шарттары бойынша өзге көзделмесе, дивидендтер алуға да дауыс беру құқығын иеленеді.

55. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды мына жағдайларда ғана, егер:

- 1) кепілдікке берілетін бағалы қағаздар толық төленген болса;
- 2) Қоғамның сатып алған акцияларын қоспағанда, Қоғамға кепілдікке берілетін және онда кепілдіктегі акциялардың жалпы саны Қоғамның орналастырылған акцияларының 25 (жиырма бес) пайыздан астамын құрамаса;
- 3) кепіл туралы шартты Директорлар кеңесі мақұлдаса кепілдікке қабылдай алады.

56. Егер кепілдіктің шарттарымен өзге белгіленбесе, Қоғам орналастырған және онда кепілдіктегі акциялар бойынша дауыс құқығы Жалғыз акционерге тиісті болады. Қоғамның өзінде кепілде тұрған өз акцияларымен дауыс беруге құқығы жоқ.

57. Қоғамның бағалы қағаздарының кепілін тіркеу тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

58. Жалғыз акционердің оған тиесілі акциялары бойынша Қоғам төлейтін табысы дивиденд болып табылады.

Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер Қоғамның Жалғыз акционері дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған жағдайда, ақшалай немесе бағалы қағаздармен төленеді.

59. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жылдық, тоқсандық немесе жарты жылдықтың қорытындылары бойынша Жалғыз акционердің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

60. Қоғамның Жалғыз акционері қандай да бір кезеңдегі Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

61. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық

ақпарат құралдарында жариялануы тиіс. Сонымен бірге көпшілік компаниялар аталған шешімді өздерінің корпоративтік веб-сайтында да жариялауы тиіс.

62. Жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімде мынадай ақпарат болуы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акция есебіне дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтерді төлеу басталатын күні;
- 5) дивидендтерді төлеудің тәртібі мен нысаны.

63. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Жалғыз акционер Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

64. Дивидендтер есептеуге:

1) Қоғамның меншікті капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде меншікті капиталының мөлшері теріс болатын болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем жасауға қабілетсіз немесе дәрменсіз белгілеріне жауап берсе немесе аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

65. Жалғыз акционер алынбаған дивидендтерді Қоғамның берешегінің пайда болуының мерзіміне қарамастан төленуін талап етуге құқылы.

Дивидендтерді төлеу үшін белгіленген мерзімде дивидендтер төленбеген жағдайда, Жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне қарағандағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін негізге ала отырып, есептелетін өсім төленеді.

## 9-бап

### Қоғамның органдары

66. Мыналар Қоғамның органдары болып табылады:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы органы – Басқарма;

67. Қоғамда Ішкі аудит қызметі, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзге де органдар құрылуы мүмкін.

**10-бап****Жалғыз акционерлердің айрықша құзыреті**

68. Қоғамда акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді. Қазақстан Республикасы заңнамасына және Жарғысына сәйкес акционерлердің жалпы жиналыстарының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімді Жалғыз акционер жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде ресімделеді.

69. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін бекіту, сонымен қатар оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- 3) Қоғамды өз еркімен қайта құру немесе тарату;
- 4) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;
- 5) орналастырылған акциялардың бір түрін басқа түрдегі акциялармен ауыстыру, осындай ауысымның шарттары мен тәртібін анықтау туралы шешім қабылдау;
- 6) Қоғамның жай акцияларына ауыстырылатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту жөніндегі шешім қабылдау немесе Қоғамның жарияланған орналастырылмаған акцияларының түрін өзгерту;
- 8) Қоғамның жарияланған акциялар саны шегінде, акцияларды орналастыру (сату) туралы, сонымен қатар акциялардың орналасатын (сатылатын) саны туралы, оларды орналастыру (сату) әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 9) Басқарма төрағасын (Қоғам президентін) сайлау және оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 10) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олар өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және өтемақы төлеу көлемі мен шарттарын белгілеу;
- 11) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 12) құрамына Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есеп кіретін Қоғамның жылдық есебін бекіту;
- 13) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 14) қаржылық есептілік жыл ішінде Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендті төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның жай бір акциясымен есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту;
- 15) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы

шешім қабылдау;

16) Қоғам акцияларын өз еркімен делистингілеу туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамға тиесілі барлық активтен жалпы алғанда 25 (жиырма бес) және одан астам пайыз құрайтын активтер бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне, немесе басқа заңды тұлғалар қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуына Қоғамның қатысуы жөнінде шешім қабылдау;

18) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қоғам акцияларды ұйымдаспаған нарықта сатып алған жағдайда, акция құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер жалғыз құрылтайшы бекітпеген болса, әдістемені бекіту);

19) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты Жалғыз акционерге ұсыну тәртібін анықтау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;

20) Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

21) дивиденттік саясат пен дивиденттерді есептеу нормативін бекіту;

22) «алтын акцияны» енгізу және жою;

23) әкімшілік аппаратын орналастыру үшін қызметтік жеңіл автокөлік пен алаңдар нормасының тиесілі нормативін анықтау;

24) қызметтік іссапарға жіберілетін Қоғамның қызметкерлеріне шығынды өтеу шарттары мен тәртібін анықтау;

25) Қоғамның қаражаты есебінен қызметкерлерге мобильдік байланысты, өкілдік шығыстар лимитін пайдалану құқығын ұсыну кезінде шығыстарды өтеу лимитін анықтау;

26) шешімдер қабылдауы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және (немесе) Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер;

70. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде көзделмеген болса, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған шешім қабылданатын мәселелерді басқа органдардың, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

71. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдары шешімінің күшін жоюға құқылы.

## 11 бап

### Директорлар кеңесі

72. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы және (немесе) Жалғыз акционердің айрықша құзыреті жарғысына жатқызылатын мәселелерді шешуді қоспағанда Директорлар кеңесі қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

73. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер

жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтайтын Қоғамның даму стратегиясын бекіту;
- 2) Қоғамның даму жоспарларын, орта мерзімді бизнес-жоспарларды бекіту;
- 3) Қоғамның бюджетін (1 жылға арналған бизнес-жоспарын) бекіту;
- 4) Қоғамның жарияланған акциялары немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, сайлау, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің Басқарма төрағасынан (Қоғам президенті) басқа өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды белгілеу;
- 6) Басқарма мүшелерінің, соның ішінде Басқарма төрағасының (Қоғам президентінің) лауазымдық жалақыларының мөлшерін және оған еңбекақы не сыйлықақыны төлеу шартын белгілеу;
- 7) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілеу (Директорлар кеңесінің ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитеттің ұсынымы бойынша);
- 8) ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;
- 9) ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін карап, олар бойынша шешім қабылдау;
- 10) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) жиырма бес және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға (акционерлік қоғамның, серіктестіктің) акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 11) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын белгілеу;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатын бекіту;
- 13) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғамның қызметі, соның ішінде қаржы жөніндегі ақпаратты алу тәртібі мен мерзімін белгілеу;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 15) Қоғамның есеп саясатын бекіту;
- 16) Қоғамның Басқарма мүшелеріне арналған қызметінің негізгі



қызметтерін және олардың мақсатты маңызын (Кадр және Директорлар кеңесі сыйақылары мәселелері комитетінің ұсынысы бойынша) белгілеу;

17) Директорлар кеңесі комитетін құру, олар туралы ережені бекіту, сондай-ақ комитеттер мүшесін сайлау;

18) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шартын белгілеу, сондай-ақ оларды шығару бойынша шешім қабылдау;

19) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

20) Қаржы есептілігіне аудит жүргізгені үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін белгілеу;

21) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау мен олар туралы ережелерді бекіту;

22) Қоғам тиесілі барлық активіне сомасы 25 (жиырма бес) көбірек құрайтын активтердің бірнеше бөлігін немесе бір бөлігін беру (алу) арқылы басқа заңды тұлғалар (акционерлердің) қатысушы құрамынан шығу, немесе Қоғамның басқа заңды тұлғалар қызметін құру немесе қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау;

23) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдер қабылдау (иеліктен шығару);

24) Қоғам жұмыскерлерінің жалпы санын және Қоғамның орталық аппарат құрылымдарын бекіту;

25) Қоғамның тәуекелдерді басқару бойынша ішкі рәсімдерді (Қоғамның басқа ұйымдарының құзіретіне Қоғамның ішкі құжаттарымен жатқызылған мәселелерден басқа) бекіту;

26) тәуекелдерді басқару саясатын бекіту;

27) Қоғамның жалғыз акционерінің қарауына мәселелерді шығару;

28) Қоғамның міндеттерін оның өзіндік капиталының 10 (он) және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;

29) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты белгілеу;

30) Қоғамның басқарушы жұмыскерлері мен орталық аппараттың әкімшілік қызметкер құрамына еңбекке ақы төлеу ережесі мен лауазымдық жалақының сұлбасын бекіту;

31) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы және (немесе) Жалғыз акционердің айрықша құзіретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

74. Тізілімі осы Жарғының 73 тармағында белгіленген мәселелер шешім қабылдау үшін Басқармаға берілмейді.

75. Директорлар кеңесі Жарғымен басқарма құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.

## 76. Директорлар кеңесі:

1) лауазымдық тұлға және Жалғыз акционер деңгейінде мүдделердің әлеуетті дауларын, соның ішінде Қоғамның меншіктерін заңсыз пайдалану және мүдделілігі бар мәмілелер жасау кезінде асыра пайдалануды қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

77. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымды дайындау үшін Қоғамда:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйлықақы;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелері бойынша Директор кеңесінің Комитеттері құрылады.

Қоғамның ішкі құжаттарымен Директорлар кеңесінің өзге де мәселелер бойынша комитеттерін құру қарастырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесі комитеттерінің құрылу тәртібі мен жұмысын, сондай-ақ оның сандық құрамы Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

78. Тек қана жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Директорлар кеңесінің мүшесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және (немесе) Қоғамның Жарғысына сәйкес жүктелген қызметтерді орындауды өзге адамдарға беруге құқылы емес.

79. Басқарма төрағасынан (Қоғам президентінен) басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы (Қоғам президенті) Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

80. Директорлар кеңесі мүшелеріне кандидаттар мен Директорлар кеңесі мүшесінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімдері, біліктілігі, Жалғыз акционер мен Қоғам мүдделілігіндегі барлық Директорлар кеңесінің жұмыстарын тиімді ұйымдастыру және міндеттерді орындауға қажетті іскери және салалық ортада жағымды жетістіктері мен мінсіз беделі болу керек.

81. Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге ұсынатын өз қызметі туралы есебінің құрамында өзі тәуелсіз деп санайтын Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін көрсету керек. Директорлар кеңесі шешімдер қабылдау кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі тәуелсіз болды ма, Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша тәуелсіздік критерийлеріне Директорлар кеңесі мүшесінің сәйкестігін көрсетіп Директорлар кеңесінің мүшесін тәуелсіз деп тану себептерін, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшесін тәуелсіз деп тануға әсер ететін қатынастардың немесе жайлардың болуын анықтау керек, соның ішінде егер Директорлар кеңесінің мүшесі:

- соңғы бес жыл ішінде Қоғамның немесе оның еншілес ұйымының қызметкері болып табылды ма;

- Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақысын қоспағанда, Қоғамнан

қосымша сыйақы алды ма немесе ала ма;

- басқа ұйымдарда немесе органдарда осы тәріздес лауазымды атқара отырып, басқа ұйымдарға немесе органдарға осындай қатысу арқылы Директорлар кеңесінің басқа мүшелерімен маңызды байланысының бар болуын;

- Жалғыз акционерді немесе мемлекеттік басқару органдарын білдіретінін;

- қатарынан тоғыз жылдан астам Директорлар кеңесінің мүшесі болғанын көрсетуі керек.

82. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 3 (үш) адамнан кем болмауы тиіс. Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болу керек.

83. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Директорлар кеңесінің құрамын сапалы түрде жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, Директорлар кеңесінің құрамына жататын 6 жылдан артық мерзімге сайлаудың кез-келген мерзімі ерекше қарауға жатады. Бір тұлға қатарынан тоғыз жылдан артық Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда қатарынан 9 жылдан артық Директорлар кеңесіне сайлануға рұқсат етіледі, бірақ бұл ретте бұл тұлғаны Директор кеңесіне сайлау жыл сайын өтуі тиіс.

84. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттік мерзімін Қоғамның жалғыз акционері белгілейді.

Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланған күні аяқталады.

85. Қоғамның Жалғыз акционері Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтатуға құқылы.

86. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін өз өтініші бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама беру негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған жазбаша хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

87. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

88. Директорлар кеңесінің төрағасын Жалғыз акционер сайлайды. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің төрағасын кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

89. Директорлар кеңесінің төрағасы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен және Жарғымен белгіленген тәртіппен:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және жүргізеді;
- 3) Қоғам атынан Басқарма төрағасымен (Қоғам президентімен) Қоғам

қызметінің қорытындысына тікелей байланысты Басқарма төрағасын (Қоғам президентін) материалдық ынталандыруды және Қоғамның Даму жоспарын және Қоғам бюджетін (1 жылға арналған бизнес жоспарын) орындағаны үшін Басқарма төрағасының (Қоғам президентінің) жауаптылығынан қарастыратын еңбек шартты жасасады;

4) Қоғамның атынан ішкі аудит қызметінің басшысы және мүшелерімен еңбек шарттарын жасасады;

5) Жалғыз акционерді Директорлар кеңесі мүшелерінің және Басқарманың сыйақысы құрамы мен мөлшері туралы хабардар етеді;

6) Директорлар кеңесінің қызметі туралы Жалғыз акционерге жыл сайын хабарлайды;

7) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;

8) Директорлар кеңесі мүшелерінің шүбәсіз және айқын ақпаратты дер кезінде алуын қамтамасыз етеді;

9) Директорлар кеңесінің қызметіне Директорлар кеңесі мүшелерінің тиімді үлес қосуын және Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы конструктивтік қатынастарды қамтамасыз етеді;

10) Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшелеріне лауазымға енгізу бағдарламасының берілуін қамтамасыз етеді;

11) Жалғыз акционермен басқару мәселелерін келіседі;

12) Жалғыз акционермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді, сондай-ақ Жалғыз акционердің пікірін Директорлар кеңесіне жеткізеді;

13) Жалғыз акционердің сұрақтарына жауаптардың берілуін қамтамасыз етеді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген өзге мәселелерді шешеді.

90. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның қызметін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің біреуі жүзеге асырады.

91. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Қоғам Президентінің талабы бойынша не болмаса:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Ішкі аудит қызметінің;

3) Қоғамның аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымның;

4) Жалғыз акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

92. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысына ұсынылып отырған күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы беріледі.

Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы Қоғам Президентіне аталған талаппен шығуға құқылы, ал ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап, он күннен

кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыру арқылы өткізіледі.

Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар, егер Директорлар кеңесі туралы ережеде өзгедей мерзімдер қарастырылмаса Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін 7 күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселелер қаралған жағдайда, мәміле туралы акпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі, сондай-ақ бағалаушының есебі («Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 69 бабы 1 тармағында көзделген жағдайда) қамтылуы тиіс.

93. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізілу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді.

94. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесіне оның қатыса алмайтыны туралы Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.

95. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақпен белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Директорлар кеңесі Қоғамның Жалғыз акционеріне өтініш беруге міндетті.

96. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның дауысы шешуші дауыс болып табылады.

97. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Жарғының 73-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 8), 10), 11), 12), 16), 18), 19), 21), 23) тармақшалары бойынша мәселелер Директорлар кеңесімен ашық отырыстарда ғана қаралуы тиіс.

98. Директорлар кеңесінің мүшелері бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), байланыс конференциясы («телефон кеңесі» режимінде Директорлар кеңесі мүшелерінің бір мезгілдегі сөйлесулері) арқылы, сондай-ақ байланыстың өзге құралдарын пайдалана отырып, Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алады. Осындай отырыстарда қабылданған Директорлар кеңесінің шешімін рәсімдеу тәртібі Қоғамның директорлар кеңесі туралы ережемен белгіленеді.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына өзінің қатыса алмайтыны туралы Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Корпоративтік хатшыға алдын ала хабарлауға міндетті. Отырыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлама арқылы Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беруге құқылы.

Бұл ретте күн тәртібі бойынша мұндай жазбаша хабарламада:

- 1) жазылған күні;
- 2) жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің пікірін білдіретін күн тәртібі;
- 3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша анық айқындалған ұстаным;
- 4) қойылған қол;
- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің қарауы бойынша күн тәртібіне жататын өзге де мәліметтер болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесімен ұсынылған күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде есепке алынады және Директорлар кеңесінің аталған мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс бергені туралы жазба жасалатын отырыс хаттамасына тігіледі.

Күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама Директорлар кеңесінің мүшесімен Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Корпоративтік хатшыға Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін ұсынылуы тиіс.

Егер бұрын күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама ұсынған Директорлар кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру пайдаланылатын Директорлар кеңесінің отырысына қатысу әрі дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша пікірі есепке алынбайды.

99. Директорлар кеңесі төрағасының қарауы бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе Директорлар кеңесінің отырысын өткізусіз қолданылуы мүмкін.

Директорлар кеңесі шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған кезде Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

100. Сырттай дауыс беру бюллетені отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды қоса, Директорлар кеңесі туралы ережеде басқа мерзімдер көзделмесе Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізу күніне дейін үш күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс.

101. Сырттан дауыс беру бюллетенінде:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысына шақыруға бастамашы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беру бюллетеньдерін берудің түпкілікті күні;
- 4) Директорлар кеңесінің отырысын өткізу күні, уақыты және орны;

5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі;

6) Дауысқа салынатын мәселелердің тұжырымдамасы;

7) «жақтаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» сөздерімен білдіретін Директорлар кеңесі отырысы күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нұсқалары;

8) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру тәртібі (бюллетеньдерді толтыру) жөнінде түсіндірме болуы тиіс.

102. Толытырылған сырттай дауыс беру бюллетенінде Директорлар кеңесі мүшесінің қолы болуы тиіс.

Дауыстарды санаған кезде Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған мәселелер бойынша және дауыс берудің тек бір ғана мүмкін нұсқасына белгі қойылған дауыстар есепке алынады.

103. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданған болып танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен Корпоративтік хатшының қолы қойылуы керек.

Шешім ресімделген күннен бастап 20 (жиырма) күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдер қоса тіркеледі.

104. Директорлар кеңесінің тікелей тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді, хаттаманы отырыста төрағалық еткен тұлға мен Директорлар кеңесінің хатшысы отырыс өткізілген күннен санағанда үш күн ішінде жасауы және қолдарын қоюы тиіс және онда:

1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан орны;

2) отырыстың өткен күні, уақыты мен орны;

3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;

4) отырыстың күн тәртібі;

5) Дауыс беруге қойылған мәселелер, және олар бойынша Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс қорытындысын көрсету арқылы дауыс қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) Директор кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер болуы тиіс.

105. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамда сақталады.

Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысы Директорлар Кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді

танысу үшін беруге және (немесе) Қоғамның уәкілетті жұмыскерінің қолымен және Қоғам мөрінің бедерімен расталған хатамадан жасалған үзінді көшірмелер мен шешімдерді беруге міндетті.

106. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен және Қоғамның Жарғысымен белгіленген тәртіпті бұза отырып, қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

107. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы мен Қоғам Жарғысының талаптарын бұза отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімі Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса Жалғыз акционер сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

## 12 бап Басқарма

108. Басқарма Қоғамның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асырушы Қоғамның лауазымды тұлғасы болып табылады, оның құзыретіне «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің барлық мәселелерін шешу жатады.

109. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімін орындауға міндетті.

110. Басқарма мүшелерінің саны үш адамнан кем болмау керек.

111. Басқарма мүшелері Қоғам қызметкері бола алады.

112. Басқарма мүшелері Қоғам қызметін Басқарма мәжілісіне тікелей қатысуымен іске асырады.

Басқарма мүшелері директорлар кеңесі мүшесінің лауазымы немесе бәсеке-ұйымдардағы атқарушы органдар лауазымынан басқа, өзге ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма төрағасы (Қоғам президенті) атқарушы орган басшысының лауазымын немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының қызметтерін жекедара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшесінің, бәсекелес-ұйымдардағы атқарушы орган лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

113. Басқарма құзыреті:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімін жүзеге асыру;

2) Директорлар кеңесінде бекіту Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын, Қоғам бюджетін (бір жылға арналған бизнес-жоспарын) үшін жасақтайды және мақұлдайды;



3) Қоғамның даму жоспарын, Қоғам бюджетін (бір жылға арналған бизнес жоспарын) іске асырылуын жүзеге асырады, сондай-ақ олардың орындалуына жауап береді;

4) Директорлар кеңесіне Қоғамның даму жоспарын іске асыру туралы жыл сайын есеп береді;

5) Директорлар кеңесіне және Жалғыз акционерге еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдарды басқару жөнінде, сондай-ақ аталған ұйымдардың қаржылық-шаруашылық қызметі нәтижелерінің Қоғам қызметінің көрсеткіштеріне әсері жөнінде жартыжылдық есептер береді;

6) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында іске асыруда ерекше шартпен бекітілген, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының тобына кіретін ұйымдар арасындағы мәміле тәртібіне сәйкес Қоғамның мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу жөнінде шешім қабылдайды;

7) Қоғамдағы тәуекелді басқару жүйесіндегі жетіспеушіліктер туралы Директорлар кеңесін хабардар етеді;

8) Қоғамның орталық аппаратының, филиалдар мен өкілдіктердің штаттық кестесін бекітеді;

9) Қоғам филиалдар мен өкілдіктер қызметкерлерінің штатын (жалпы санын) және филиалдар мен өкілдіктердің басқару құрылымын бекітеді;

10) Жалғыз акционерге Қоғам акциялары бойынша жоспарланған жылдың алдында бір жылға дейін дивиденттер мөлшері көрсеткішінің болжамын ұсынады;

11) Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер шешімінің, жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуші аудиторлық ұйымның ұсынымына, сондай-ақ қызметтік ішкі аудиттің ұсынымының орындалуына бақылау жүргізеді;

12) Қоғам меншігіне қатысты заңсыз іс әрекеттерді туындататын жағдай мен себептерін анықтау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

13) Қоғамдағы Директорлар кеңесі және Жалғыз акционердің құзыретіне қатысты емес Қоғам қызметін қамтамасыз етудің өзге мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

114. Қоғамдағы тәуекелді басқарудағы туындалған мәселерді шұғыл шешу мақсатында Басқармада Тәуекел комитеті құрылуы мүмкін. Тәуекел комитеті Басқарма беруі мүмкін өкілеттік шегінде әрекет етеді. Тәуекел комитетінің жұмыс тәртібін құру сонымен қатар сандық құрамы Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

115. Жарғының 12 бабы 113 тармағымен белгіленген мәселелер тізбесі Басқарма шешімі бойынша Басқарма төрағасына (Қоғам президентіне) шешуге берілуі мүмкін.

116. Басқарма отырысындағы шешім Басқарма мүшелерінің отырысына қатысушылардың қарапайым дауыстарымен қабылданады. Басқарма Басқарма мүшелерінің (кворумда) жартысынан кем емес қатысушы кезінде шешім

қабылдауға құқылы.

117. Басқарманың әр мүшесінде бір дауыс бар. Егер дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда Басқарма төрағасының (Қоғам президентінің) дауысы шешуші болып табылады.

Басқарма мүшесі дауыс беру құқығын басқа адамға, сонымен қатар Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруге рұқсат берілмейді.

Басқарма шешімдері дауыс беруге қойылған мәселелері, әрбір мәселе бойынша Басқарманың әр мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетіліп дауыс беру қорытындысы бар кеңеске қатысқан барлық Басқарма мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

### 13 бап

#### Қоғамның президенті

118. Басқарманы басқаруды Басқарма төрағасы болып табылатын Қоғам президенті жүзеге асырады.

119. Қоғам президентінің құзыретіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі мен Басқарманың қабылдаған басқа да құжаттарымен белгіленген Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі және Басқарманың құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметін қамтамасыз ететін мәселелер жатады.

120. Қоғам президенті:

- 1) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесі мен Басқарманың шешімін орындауды ұйымдастырады;
- 2) Қоғам қызметін басқаруды жүзеге асырады;
- 3) Даму жоспарын іске асыру бойынша Директорлар кеңесінің алдында жыл сайынғы есеп береді;
- 4) Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатындағы (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатындағы Директорлар кеңесінің қабылдаған құжаттарынан басқа) құжаттарды бекітеді;
- 5) Қоғам атынан Қазақстан Республикасы заңнамасы және осы Жарғыға сәйкес мәмілелерді жасайды;
- 6) үшінші тұлғаға қатысты Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 7) үшінші тұлғалармен соның ішінде мемлекеттік және сот органдарымен қатынастарында Қоғамның мүддесін қорғауға сенімхаттар береді;
- 8) шағым мен талап арыздарға қол қояды, ұсынады, талап арыздан бас тартады, арыздың талаптарын өзгертеді, бейбіт келісімдерге қол қояды;
- 9) құзыреті шегінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады;
- 10) Басқарма мүшелерімен Қоғам атынан еңбек шарттарын жасайды;
- 11) Жалғыз акционерге:

Жалғыз акционердің бекіткен нысаны бойынша және Жалғыз акционердің белгілеген уақытында Қоғамның даму жоспарын жүзеге асыру туралы есепті;

Жалғыз акционердің бекіткен, Жалғыз акционердің белгілеген уақытында қаржылық-шаруашылық есептілігін ұсынады.

12) Қоғам қызметкерлерімен еңбек шарттарын жасайды, өзгертеді, бұзады, тоқтатады, соларға сәйкес Қоғам қызметкерлерімен еңбек қатынастары туындайтын, өзгертін, тоқтатылатын, бұзылатын актілер қабылдайды («Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының және жалақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма мүшелері болып табылатын жұмыскерлерді, Қоғамның ішкі аудиты мен корпоративтік хатшыны қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақылар мөлшерін белгілейді;

13) белгіленген тәртіпте ұжымдық шарттар жасайды;

14) Қоғамның жұмыс режимін анықтайды;

15) Қоғамның банктік және басқа шоттарын ашады;

16) Қоғамның ішкі өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

17) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің, сонымен қатар Қоғамның еншілес ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

18) міндеттерді, сондай-ақ Басқарма мүшелері, вице-президенттер мен Қоғамның басқа жұмыскерлері арасында өкілдік пен жауапкершілік саласын бөледі;

19) Қоғам президенті мен вице-президенттердің шетелге іссапарын Директорлар кеңесі төрағасымен немесе «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының жетекшілік ететін вице-президентімен келісуді қамтамасыз етеді;

20) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшесінің біреуіне, ал Басқарма мүшесінің болмаған жағдайда вице-президенттің біреуіне немесе Қоғамның басқа жұмыскерлеріне жүктейді;

21) Қоғамның дұрыс қызметін қамтамсыз ету үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Жалғыз акционердің шешімімен, Директорлар кеңесі мен Басқарма белгілеген басқа қызметтерді жүзеге асырады.

121. Қоғам президентінің Жарғының 120 бабында көрсетілген өкілеттіктері Қоғам президентінің шешімі бойынша Қоғамның вице-президенттеріне және өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның басқа жұмыскерлеріне берілуі мүмкін.

122. Осы жарғының 121 бабына сәйкес Қоғам президентінің бұйрығымен уәкілеттік берілген Қоғамның вице-президенттері:

1) оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша үшінші тұлғалармен, соның ішінде мемлекеттік және сот органдарымен қарым-қатынаста Қоғам

мүдделерін сенімхатсыз білдіруге;

2) екінші біреуге тапсыру құқығымен (құқығысыз) сенімхаттар беруге құқылы.

#### 14 бап

#### Қоғамның лауазымдық тұлғалары

123. Қоғамның лауазымдық тұлғалары (Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері, соның ішінде Басқарма төрағасы (Қоғам президенті):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін неғұрлым жоғары деңгейде білдіретін тәсілдерді қолданады;

2) Қоғамның мүлігін пайдалануға немесе оның Жарғыға және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдаланылуына жол бермеуге және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәміле жасасу кезінде оларға қиянатшылық жасамауға тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпараттың жария болуын және берілуін бақылап отырады;

5) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың, егер Қоғамның ішкі құжаттарымен өзгеше көзделмесе, соның ішінде Қоғамда жұмыс істеуін тоқтатқан сәттен бастап үш жыл ішінде құпиялығын сақтауға міндетті;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар қабылдауға міндетті.

124. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасы Заңмасының талаптарына сәйкес, Жалғыз акционер және Қоғам мүддесінде, Қоғамның Жарғысына және ішкі құжаттарына, ақпараттану, ашықтық негізіндегі еңбек шартына сәйкес әрекет етуге;

2) Корпоративтік мәселелер бойынша объективтік пікір шығаруы тиіс.

125. Қоғамның лауазымдық тұлғалары және басқа да қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген Қоғам мен Жалғыз акционердің алдында өздерінің әрекеттерімен және (немесе) әрекетсіздігімен Қоғамға келтірілген залалдар үшін, залалдармен шектеліп қоймай нәтижесінде:

1) қателесуге алып келетін ақпараттар немесе жалған ақпараттар үшін;

2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен белгіленген ақпараттарды ұсыну тәртібінің бұзылғаны үшін;

3) олардың жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының Қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда

(табыс) табу мақсатында, Қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасу қорытындысына әкелген ұсыныстары үшін жауапты.

Жалғыз акционердің «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдауы егер оларды орындау нәтижесінде Қоғамға залал келтірілсе, оларды жасасуды ұсынған лауазымдық тұлғаны немесе өзі мүше болып табылатын Қоғам органының отырысында, оның ішінде олар не олардың аффилиирленген тұлғалары пайда (табыс) табу мақсатында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымдық тұлғаны жауаптылықтан босатпайды.

126. Қоғам Жалғыз акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде немесе Жалғыз акционер өз атынан лауазымдық тұлғаға оның Қоғамға келтірген зиянды не залалдарды қоғамға өтеуі туралы, сондай-ақ, егер лауазымды адам жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген болса, қоғамға залал келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) лауазымды адамның және (немесе) оның аффилиирленген тұлғаларының Қоғамға қайтаруы туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Қоғам Жалғыз акционерлердің шешімінің негізінде немесе Жалғыз акционер өз атынан, Қоғамның лауазымды адамына және (немесе) үшінші тұлғаға, егер осындай мәмілені жасасу және (немесе) жүзеге асыру кезінде Қоғамның осы лауазымды адамы осындай үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет етсе, Қоғамның осы үшінші тұлғамен жасаған мәмілесі нәтижесінде Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға және Қоғамның лауазымды адамы Қоғамға осындай залалдарды өтеу кезінде ынтымақты борышкерлер ретінде әрекет етеді.

Жалғыз акционер сот органдарына өтініш жасағанға дейін Қоғамның лауазымды адамдарының келтірген залалдарды Қоғамға өтеуі және ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының Қоғамға қайтаруы туралы мәселені Директорлар кеңесінің отырысына шығару туралы талаппен Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасына жүгінуге тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысын

шақыруға міндетті.

Жалғыз акционердің өтініші бойынша Директорлар кеңесінің шешімі отырыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде оның (олардың) назарына жеткізіледі. Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін не оны осы тармақта белгіленген мерзімде алмаса, Қоғамның Жалғыз акционері өз атынан аталған мәселе бойынша Директорлар кеңесінің төрағасына Жалғыз акционердің өтініш жасағанын растайтын құжаттар болған кезде Қоғам мүдделерін қорғау үшін талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

127. Мәміленің жасалуына мүдделі және орындау нәтижесінде Қоғамға залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды адамды қоспағанда, Қоғамның лауазымды адамдары, егер Қоғамның органы қабылдаған, Қоғамға не жалғыз акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

Егер лауазымды адамның Қоғамның лауазымды адамдары қызметінің «Акционерлік қоғам туралы» Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Қоғам мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептегені дәлелденген болса, ол коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

128. Сот экономикалық қызмет саласында меншікке қарсы немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстарды жасауға кінәлі деп таныған, сондай-ақ аталған қылмыстарды жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған Қоғамның лауазымды адамдары, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен соттылығы өтелген не алып тасталған не қылмыстық жауаптылықтан босатылған күннен бастап бес жыл ішінде Қоғамдардың лауазымды адамдарының міндеттерін орындай алмайды.

129. Егер Қоғамның қаржылық есептілігі Қоғамның қаржылық жағдайын бұрмаласа, Қоғамның осы қаржылық есептілігіне қол қойған Қоғамның лауазымды адамдары осының нәтижесінде материалдық зиян келтірілген үшінші тұлғалар алдында жауапты болады.

## 15-бап

### Ішкі аудит қызметі

130. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды, Қоғамның, ішкі бақылау саласындағы бағалауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындауды және Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды.

131. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен:

1) Директорлар кеңесіне Қоғамның қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпарат береді;

2) бағалау жүргізеді, кеңес береді және жүйелендірілген әрі бірізділік тәсілдеме қолданып, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен корпоративтік басқару үдерістерін жетілдіруге ықпал етеді;

3) Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес оның құзыретіне кіретін өзге қызметтерді жүзеге асырады.

132. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметіне жетекшілік етуді Қоғамның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитеті жүзеге асырады. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен қызметтері, оның құқықтары мен жауапкершілігі, сондай-ақ оның жұмыс тәртібі Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережемен белгіленеді.

133. Қоғам мен Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Директорлар кеңесі төрағасымен және Ішкі аудит қызметі қызметкерлері арасында жасалатын еңбек шартымен реттеледі.

#### **16-бап**

#### **Корпоративтік хатшы**

134. Корпоративтік хатшы – Директорлар кеңесінің немесе Басқарманың мүшесі болып табылмайтын Қоғам қызметкері, оны Директорлар кеңесі тағайындайды және ол Директорлар кеңесіне есеп береді.

135. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі бекітетін Корпоративтік хатшы туралы ережемен және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен белгіленеді.

136. Қоғам мен Корпоративтік хатшы арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Басқарма мен Корпоративтік хатшы арасында жасалатын еңбек шартымен реттеледі.

#### **17-бап**

#### **Қаржылық есептілік, есепке алу құжаттамасы және аудит**

137. Қоғамның қаржылық жылы болып күнтізбелік жыл (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін) табылады.

138. Қоғамның бухгалтерлік есепке алуын жүргізу және қаржылық есептілік жасау тәртібі бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

139. Басқарма Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет жөніндегі

заңдарына сәйкес жасалған өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті жыл сайын талқылау және бекіту үшін Жалғыз акционерге табыс етеді. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі Жалғыз акционердің бекіткен күнінен кем дегенде 30 (отыз) күн бұрын Қоғамның Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады.

Қаржылық есептіліктен басқа Қоғам Басқармасы Жалғыз акционерге аудитордың ұсыныстарын қоса (Қоғамның басшылығына хат), аудиторлық есеп береді.

140. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық жылдың нәтижелері бойынша жыл сайын аудит жүргізеді.

141. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғамның есебінен немесе Жалғыз акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізіледі, бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды өздігінен белгілеуге құқылы. Аудит Жалғыз акционердің талабы бойынша жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

142. Егер Басқарма Қоғамның аудитін өткізуден жалтаратын болса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша соттың шешімімен тағайындалуы мүмкін.

143. Қоғам жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында Республикалық Ұлттық Банкі белгілеген тәртіп пен уақытта жылдық қаржылық есеп пен аудиторлық есепті жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жөнінде ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептіліктің түсіндірме жазбасында ашылып көрсетіледі. Нәтижесінде Қоғамның активтерінің мөлшерінен он не одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәмілелер туралы ақпаратта мәміле тараптары, мерзімі мен мәміле шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сонымен қатар мәміле туралы басқа да мәліметтер болуы тиіс.

144. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сондай-ақ істердің ағымдық жай-күйін тексеру және растау үшін Қоғам жыл сайын қаржылық есептілік пен аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес қаржылық жылдың қорытындылары бойынша қаржылық жыл аяқталғаннан кейін 90 (тоқсан) күннен кешікпей Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жалғыз акционердің шешімдерінде белгіленген тәртіппен жыл сайын аудит жүргізуге міндетті.

## 18-бап

### Қоғамның ақпаратты ашуы. Қоғам құжаттары

145. Қоғам өзінің қызметі туралы ақпаратты белгіленген тәртіппен Интернет желісінде Қоғамның WEB-сайтында ([www.portaktau.kz](http://www.portaktau.kz)) және



(немесе) мерзімдік басылымда жариялайды.

Қоғам Жалғыз акционердің және инвесторлардың қаперіне Қоғамның келесі корпоративтік оқиғалары туралы мәліметтерді жеткізуге міндетті:

1) бірнеше мәселелер бойынша Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және олар туралы ақпарат Қоғамның тиісті ішкі құжаттарына сәйкес Жалғыз акционердің және инвесторлардың қаперіне берілуі тиіс;

2) Қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есептерін бекітуі, Қоғамның бағалы қағаздарды өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын жоюы;

3) Қоғамның ірі мәмілелер және жасалуына мүдделік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасуы;

4) Қоғамның меншікті капиталы көлемінен жиырма бес және одан жоғары пайызын құрайтын көлемде Қоғамның қарыз алуы;

5) Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алуы, Қоғамның бұрын қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға алған лицензияларының іс-әрекетін тоқтата тұруы немесе мүлде тоқтатуы;

6) Қоғамның заңды тұлғаны құруға қатысуы;

7) Қоғамның мүлкін пайдалануға тыйым салынуы;

8) нәтижесінде теңгерім құны Қоғам активтерінің жалпы көлемінің он немесе одан да астам пайызын құрайтын Қоғамның мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың тууы;

9) Қоғамды және оның лауазымдық тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

10) корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау;

11) Қоғамды еркінен тыс қайта ұйымдастыру туралы шешім;

12) Қоғам активінен бес немесе одан көп пайыз сомасына Қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;

13) Қоғамның Жарғысына, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздардың шығару проспектісіне сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің және инвесторлардың мүддесін қамтитын өзге де оқиғалар.

146. Қоғам интернет-ресурста бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген қаржылық есептілік депозитарийінің, корпоративтік оқиға туралы ақпараттарын, қоғамның жылдық қаржы есептілігі мен аудиторлық есебінің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте және мерзімде орналастыруын қамтамасыз етеді.

147. Жарғының 145-тармағында көрсетілген Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпараттарды ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Егер ақпараттарды жариялау (Жалғыз акционер қаперіне жеткізу) мерзімі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының басқа да заңнама актілерінде көзделмеген жағдайда, осы ақпараттар ол туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жарияланады (Жалғыз акционердің қаперіне беріледі).

Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат корпоративтік дау бойынша Қоғам азаматтық іс жөніндегі соттың тиісті хабарламасын (шақыруын) алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Жалғыз акционерге табыс етілуі тиіс.

Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпараттарды иеленетін қызметкерлер тізімінің міндетті түрде жүргізілуін қамтамасыз етеді.

148. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттар Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша оның бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде сақталуы тиіс.

149. Мына құжаттар сақталуы тиіс:

1) Қоғамның Жарғысы, Жарғыға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;

2) жалғыз құрылтайшының шешімі, жалғыз құрылтайшының шешіміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

3) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер жасауға лицензиялары;

4) Қоғамның теңгерімінде тұрған (бұрын тұрған) мүлікке деген құқығын растайтын құжаттар;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;

6) Қоғамның бағалы қағаздарды шығаруын мемлекеттік тіркеу, бағалы қағаздарды жою, сондай-ақ Қоғамның уәкілетті органға берілген бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептердің бекітілуін растайтын құжаттар;

7) Қоғамның филиалдары және өкілдіктері туралы ережелер;

8) қоса берілген материалдармен бірге Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдері;

9) Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай өткізілген отырыстардың шешімдері) және бюллетеньдер (соның ішінде жарамсыз деп табылған бюллетеньдер), Директорлар кеңесінің күн тәртібіне қойылған мәселелер жөніндегі материалдар;

10) Қоғамның атқарушы органының отырысының хаттамалары (шешімі);

11) корпоративтік басқару кодексі.

150. Өзге құжаттар, соның ішінде Қоғамның қаржылық есебі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзім бойы сақталады.

151. Жалғыз акционердің талабы бойынша Қоғам тиісті талап түскен күннен бастап кем дегенде күнтізбелік он күннің ішінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген

құжаттардың көшірмесін оған ұсынуға міндетті, сонымен бірге Қоғамның коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпараттарды ұсынуға шектеулер енгізуге жол беріледі.

Қоғамның бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналымға шығарудың және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін, қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпия ақпараттардан тұратын құжаттар Жалғыз акционерге танысуға оның талап етуі бойынша ұсынылуы тиіс.

152. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларын есепке алуды осы тұлғалардың берген мәліметтерінің негізінде жүргізеді.

Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының тізімін бағалы қағаздардың нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органға ол белгілеген тәртіппен береді.

153. Қоғамның Жалғыз акционері және лауазымды тұлғалары Жарғы бекітілген күннен бастап 15 күннің ішінде, сондай-ақ аффилирлеудің пайда болуына қарай ол пайда болған күннен бастап 7 күннің ішінде Басқармаға өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты ұсынады.

Бұған дейін Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы аффилирленген тұлға ретінде көрсеткен тұлға ондай болудан қалған жағдайда, Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы бұл туралы Басқармаға 5 күннің ішінде хабарлайды.

Аффилирленген тұлғалар туралы ақпарат Басқармаға бағалы қағаздардың нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның бекіткен нысанына сәйкес беріледі.

### 19-бап

#### Қоғамды қайта ұйымдастыру

154. Қоғамды қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріліп, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

155. Егер қайта ұйымдастырылған жағдайда, Қоғам өз қызметін тоқтататын болса, оның акцияларын шығару Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жойылады.

### 20-бап

#### Қоғамды тарату

156. Қоғамды еркімен тарату туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды, ол кредиторлардың келісімімен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың бақылауымен тарату рәсімін белгілейді.

157. Қоғамды еркінен тыс таратуды Қазақстан Республикасының

заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сот жүзеге асырады.

Қоғамды тарату туралы талапты, егер өзгедей Қазақстан Республикасының заңнамасында қаралмаған болса, сотқа мүдделі тұлғалар беруі мүмкін.

158. Соттың немесе Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен Қоғамды тарату туралы тарату комиссиясы тағайындалады.

Тарату комиссиясы Қоғамды тарату кезінде оны басқару және тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қызметтерді жасау жөніндегі өкілеттіктерге ие болады.

Өз еркімен тарату кезінде тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредиторларының өкілдері, Жалғыз акционердің өкілдері, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар енгізілуі тиіс.

159. Қоғамды тарату рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

160. Қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, соның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.

## **21-бап**

### **Жарғының күшіне енуі**

161. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте оны мемлекеттік тіркеген күннен бастап күшіне енеді.

## **22-бап**

### **Қорытынды ережелер**

162. Жарғы баптарының тақырыптары оның түсіндірмесіне ықпал етпеуі тиіс.


163. Егер Жарғы ережелерінің біреуі жарамсыз болып шықса, онда ол қалған ережелердің жарамдылығына ықпалын тигізбейді.

Жарамсыз ереже құқықтық тұрғыдан рұқсат етілген, мағынасы жағынан жақын ережелермен алмастырылады.

**«Ақтау халықаралық теңіз  
сауда порты» ұлттық компаниясы»  
акционерлік қоғамының президенті**



**М. Ялбачев**



Утвержден  
решением  
Правления акционерного общества  
«Национальная компания  
«Қазақстан темір жолы»  
от 27 08 2014 года  
(протокол № 02/23)

## **Статья 1. Юридический статус Общества**

1. Акционерное общество «Национальная компания «Актауский международный морской торговый порт» (далее - Общество) создано на основании постановления Правительства Республики Казахстан от 4 декабря 2012 года № 1539 «О реорганизации Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Актауский международный морской торговый порт» Министерства транспорта и коммуникаций Республики Казахстан», в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах».

2. Общество является правопреемником всех прав и обязательств Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Актауский международный морской торговый порт» Министерства транспорта и коммуникаций Республики Казахстан (свидетельство о государственной регистрации юридического лица от 28 января 2013 года № 1285-1943-01-АО).

3. Общество является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан и осуществляет свою деятельность в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, настоящим Уставом (далее - Устав) и другими документами Общества.

4. Финансовая и производственная деятельность Общества осуществляются на основе хозяйственной самостоятельности.

5. Общество имеет самостоятельный баланс, банковские счета, в том числе валютные, печать с указанием полного фирменного наименования на государственном и русском языках, товарный знак и может иметь иную символику, образцы которой утверждаются и регистрируются в установленном порядке, а также штампы на государственном, русском языках, фирменные бланки и другие реквизиты.

## **Статья 2 Наименование, место нахождения и срок деятельности Общества**

6. Наименование Общества:

- 1) на государственном языке:  
полное наименование - «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;  
сокращенное наименование - «АХТСП» ҰҚ» АҚ;
  - 2) на русском языке:  
полное наименование - акционерное общество «Национальная компания «Актауский международный морской торговый порт»;  
сокращенное наименование - АО «НК «АММТП»;
  - 3) на английском языке:  
полное наименование – Joint stock company «Sea port of Aktau»;  
сокращенное наименование – JSC «Sea port of Aktau».
7. Местонахождение исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, 130000, Мангистауская область, город Актау, поселок Умирзак.
8. Срок деятельности Общества – не ограничен

### **Статья 3**

#### **Учредительные документы Общества**

9. Учредительным документом Общества является Устав.
10. Все заинтересованные лица вправе ознакомиться с Уставом Общества в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

### **Статья 4**

#### **Единственный акционер Общества**

11. Единственным акционером Общества является акционерное общество «Фонд национального благосостояния «Самрук – Қазына».

### **Статья 5**

#### **Цели и виды деятельности Общества**

